

С.Т. Аллиярова, А.Б. Чуенбекова, Г.Х. Хасенова
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті,
нутрициология кафедрасы, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ӨңІРІ БОЙЫНША АРТЫҚ САЛМАҒЫ (ДСИ ≥ 25 КГ/М²) БАР АДАМДАР АРАСЫНДА ЖҮРЕК-ҚАНТАМЫР АУРУЛАРЫНЫҢ (ЖҚТА) ТАРАЛУЫ

Мақсаты: ҚР оңтүстік өңірі бойынша артық салмағы бар ересек адамдар арасында ЖҚТА таралуын анықтау.
Әдістер: Зерттеу бір кезеңді көлденең болды. Нәлдік гипотезаны тексеру және анықталған құбылыстардың статистикалық маңыздылығын анықтау мақсатында Пирсонның χ^2 өлшемі қолданылды.
Нәтижелер: ДСИ ≥ 25 кг/м² тең халық арасында ЖҚТА таралуы әйелдер арасында 25%, ерлер арасында 20% құрады.
Қорытынды: Алынған нәтижелер негізінде ересек адамдар арасында артық салмақ мәселелерімен күресу жұмыстары өзекті екендігі анықталды.
Түйінді сөздер: ЖҚТА, артық салмақ, ДСИ

Кіріспе.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) 1997 жылы семіздікті **жаһандық эпидемияға** айналды деп жариялады [1,2].

ДДСҰ-ның соңғы мәліметтері бойынша, дүниежүзінде ересек жастағы адамдардың 1,9 миллиарды артық салмаққа ие, оның ішінде 600 миллионнан астамы семіздіктен зардап шегуде. Бұл көрсеткіш, өз кезегінде семіздіктің таралуы 1980 жылмен салыстырғанда екі еселенгенін көрсетеді [3-5].

Семіздіктің әлем бойынша кең таралуымен қатар семіздікпен байланысты жұқпалы емес, соматикалық аурулардың да саны ұлғаяды.

Семіздікпен байланысты жұқпалы емес аурулардың ішінде ең қауіптісі жүрек-қантaмыр аурулары (ЖҚТА) болып табылады.

Егер ЖҚТА таралуының қаупі туралы айтатын болсақ, қазіргі таңда ЖҚТА дүниежүзі бойынша өлім-жітімнің ең бірінші себепкері болып табылады, ЖҚТА-ға байланысты өлім көрсеткіші секілді жоғары көрсеткішті, басқа ешқандай себеп-салдар көрсетпейді [6].

ДДСҰ-ның мәлідемесіне сай 2012 жылы әлем бойынша ЖҚТА себебінен 17,5 млн адам қаза тапқан, бұл көрсеткіш өз-кезегінде әлем бойынша барлық себептерден болатын өлімнің 34% құрайды [7-9].

Зерттеу жұмысының мақсаты ретінде Қазақстанның оңтүстік өңірі бойынша жүрек-қантaмыр ауруларының дене салмағы индексіне (ДСИ) тәуелділігіне байланысты таралуының ерекшеліктерін анықтау алынды.

Материалдары мен әдістері.

Зерттеу жұмысының мақсатына қол жеткізу үшін «Көлденең зерттеу» типі таңдалды, яғни, зерттеу жұмыстары обсервациялық зерттеу түріне жағдай және зерттеу барысында ешқандай белсенді араласусыз, қажетті құбылыстардың табиғи өз кезегімен жүруі барысында белгілі бір көрсеткіштердің таралуы анықталды.

«Көлденең зерттеу» типінің ең басты қолдану аймағы да бұл белгілі бір құбылыс немесе ауру түрінің немесе белгілі популяция белгілерінің таралуын анықтау болып табылады, әсіресе, бұл тип жұқпалы емес аурулардың таралуын анықтауда көп қолданылатыны белгілі [10]. Көлденең зерттеу типінде, белгілі бір құбылыстың, белгінің, ауру түрінің таралуын келесі формула арқылы анықталады:

Белгілі бір популяцияда зерттелініп отырған құбылыс (ауру) саны:

$$\text{Таралуы} = \text{----- (Prevalence)}$$

Белгілі бір уақыт аралығында зерттелген халық саны.

Зерттеу типі таңдалғаннан соң, зерттеу жұмысының мақсатын орындау үшін қолданылатын іріктеме – репрезентативті болу үшін, іріктеме стратегиясы жасалды.

Іріктеу стратегиясы: іріктеу типі: кластерлі іріктеме таңдалып, зерттеу жұмыстары үй шаруашылық жағдайында жүргізілді.

Зерттеу жұмысының іріктеу критерилары: 15 жастан асқан ерлер мен әйелдер, сонымен қатар іріктеуге жүкті әйелдер кірмеді.

Үй шаруашылығы жағдайындағы зерттеу жұмыстары үшін ҚР – ның статистика агенттігі ұсынған 2009 ж. халық санағында пайдаланылған кластерлерден тұратын, өңірлік - репрезентативті таңдау қолданылды. Кластер ретінде халық санағының бақылау учаскесі белгіленді (ХСБУ), 2009 жылғы халық санағы үшін, ХСБУ орташа өлшемі 1200 тұрғынға тең болды.

Таңдау дизайны Қазақстан бойынша барлық индикаторлар негізінде және біздің таңдаған аймақтар бойынша, репрезентативті нәтижелер алуға, сонымен қатар, қала және ауыл халқына жеке-жеке қарастыруға мүмкіндік береді.

Мақсатты таңдау: Зерттеу жұмысына таңдалған өңір бойынша, 3 облыс таңдалынып, зерттеліп отырған кезеңдегі облыстардағы халық санағы әр облыс тұрғындар санына байланысты пропорционалды түрде жүзеге асырылды. Нәтижесінде, оңтүстік өңір бойынша ЖҚТА таралуын ДСИ тәуелді анықтау мақсатында 1180 респондент таңдалды. Бұл респондент саны алынған нәтижелерді Қазақстанның оңтүстік өңірі халқына экстраполирлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу жұмысына таңдалған респонденттер саны репрезентативті болу мақсатында Ері Info пакетіндегі онлайн-калькуляторы қолданылды (ресми сайты: <http://www.cdc.gov/epiinfo/>).

Зерттеу жұмысына қойылған міндеттерді орындау мақсатында таңдалған респонденттер арасында зерттеу жұмысын бастау алдында, әр респонденттен олардың жеке басына байланысты мәлімет алуға және антропометриялық зерттеулер жүргізу туралы жазбаша түрде келісімі алынды.

Дене салмағының индексін анықтау бойынша зерттеулер: Body Composition Monitor BF511, OMRON, Japan

Technology&Design, Clinically validated аспабын қолдану арқылы жүзеге асты. OMRON компаниясының BF511 аспабы ДСИ көрсеткішін лезде әрі нақты көрсетіп бере алатын құрылғы.


Аталған, құрылғының жадына өлшеудің алдында тексеруден өтетін респонденттің жынысы, жасы және бойы жайлы мәліметтер енгізіледі.

Антропометриялық, яғни ДСИ көрсеткіші анықталғаннан соң, ЖҚТА –ның таралуы 15 жастан асқан әйелдер мен ерлер арасында Қазақ тағамтану академиясының ғылыми қызметкерлерімен жасалған және Қазақ тағамтану академиясының ғылыми кеңесінің және локальды этикалық комитет шешімдерімен бекітілген сауалнама негізінде анықталды.

Нәтижелер.

Бірінші кезеңде, оңтүстік өңірдегі ерлер мен әйелдер арасында ДСИ көрсеткішіне тәуелсіз ЖҚТА таралуы анықталды.

Нәтижесінде, оңтүстік өңір бойынша әйелдер арасында ЖҚТА таралуы: барлығы $n=770$ әйелдің 134 (17,4%) және ерлер арасында: барлығы $n=490$ ерлерден 70 (14%) ЖҚТА ие болды (сурет 1).




Сурет 1 – ЖҚТА-ның ДСИ көрсеткішіне тәуелсіз таралуы

Екінші кезеңде, оңтүстік өңірдегі ерлер мен әйелдер арасында ЖҚТА –ның таралуын ДСИ көрсеткішіне тәуелді анықталды.

ДСИ көрсеткіші бойынша қатысушылар екі топқа бөлінді: ДСИ $\leq 25 \text{ кг/м}^2$ және ДСИ $\geq 25 \text{ кг/м}^2$, яғни, артық салмағы жоқ топ пен артық салмағы бар топ.

Нәтижесінде, ЖҚТА таралу пайызы ДСИ $\geq 25 \text{ кг/м}^2$, яғни, артық салмақ пен семіздікке ие топта ДСИ $\leq 25 \text{ кг/м}^2$, яғни, артық салмақ жоқ топпен салыстырғанда статистикалық маңызы бар айырмашылықпен жоғары болды.

ДСИ $\leq 25 \text{ кг/м}^2$ тең, яғни, $n=396$ (100%) әйел арасында ЖҚТА таралуы $n=33$ (8,3%) ал, ДСИ $\geq 25 \text{ кг/м}^2$ тең, яғни, $n=401$ (100%) әйел арасында, ЖҚТА таралуы $n=101$ (25%) құрады (Пирсонның $\chi^2 = 40,464 > 3,841$), ал ерлер арасында, ЖҚТА таралуы: ДСИ $\leq 25 \text{ кг/м}^2$ тең, яғни, $n=264$ (100%) ерлер арасында ЖҚТА таралуы $n=25$ (9,4%), ал ДСИ $\geq 25 \text{ кг/м}^2$ тең, яғни, $n=224$ (100%) ерлер арасында, ЖҚТА таралуы $n=44$ (20%) құрады (Пирсонның $\chi^2 = 10,330 > 3,841$) (сурет 2).



Сурет 2 - Оңтүстік өңір бойынша ЖҚТА-ның ДСИ көрсеткішіне байланысты таралуы

Талқылау.

Жүргізілген көлденең зерттеулер мақсаты Қазақстанның оңтүстік өңірі бойынша ересек халық арасында ДСИ көрсеткішіне тәуелді ЖҚТА таралуын анықтау болды.

Нәтижесінде, Қазақстанның оңтүстік өңірінің ересек тұрғындары арасында ЖҚТА таралу пайызы артық салмағы (ДСИ ≥ 25 кг/м²) бар халық арасында дене салмағы қалыпты (ДСИ ≤ 25 кг/м²) халықпен салыстырғанда статистикалық маңызы бар айырмашылықпен жоғары болды.

Бұл көрсеткіштер, семіздіктің алдын алуға байланысты шұғыл іс-шаралардың қажеттілігінің тағы бір көрінісі, өйткені, жұқпалы емес аурулар дүниежүзі бойынша денсаулық сақтау саласы мамандарын алаңдатып отырған мәселе. Себебі, ДДСҰ-ның мәлімдемесіне сай 2012 жылы әлем бойынша ЖҚТА себебінен 17,5 млн адам қаза тапқан, бұл көрсеткіш әлем бойынша барлық себептерден болатын өлімнің 34% құрайды.

Ал семіздік пен ЖҚТА-ның нақты байланысы барын және семіздік ЖҚТА-ның тәуелсіз қауіп факторы болып табылатындығы 26 жыл аралығында өткізілген Фрамингемдік зерттеулер нәтижелері дәлелдейді [11].

Фрамингем зерттеулерінің мәліметі бойынша, егер ересек адамның дене салмағы 1 кг өссе ЖҚТА пайда болуы 3,1% өсетіні көрсетілген. Сонымен қатар, мұның дәлелі ретінде, XX ғасырдың екінші жартысында жүргізілген көптеген үлкен масштабты ғылыми зерттеулерді айта аламыз, атап айтсақ: Framingham Study, Health Professionals' Follow – Up Study және The Nurses' Health Study және т.б. [11].

Қорытынды.

Жүргізілген көлденең зерттеулер негізінде артық салмақ бар халық арасында дүниежүзі бойынша өлім-жітімнің жетекші себептерінің бірі болып табылатын ЖҚТА таралуы қалыпты дене салмағына ие топпен салстырғанда статистикалық маңызды ерекшелік барын көре аламыз. Бұл деректер, өз кезегінде ересек адамдар арасында артық салмақтың алдын алуына бағытталған іс-шаралар жүргізу қажет екендігінің, сонымен қатар артық салмақ пен ЖҚТА арасындағы корреляцияны тереңірек зерттеу мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігінің тағы бір мысалы.

Алғыс: Қазақстанның оңтүстік өңірі бойынша жүргізілген көлденең зерттеулерді ұйымдастыруда, оны жүргізуде және нәтижелерін талдаудағы үлкен зерттеу жұмыстары үшін Қазақ тағамтану академиясы қызметкерлеріне алғысымызды білдіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Katovich M.J., Pachori A. Effects of inhibition of the renin-angiotensin system on the cardiovascular actions of insulin // Diabetes, Obesity and Metabolism. – 2000. - №2. – P. 3-14.
- 2 Всемирная организация здравоохранения. Ожирение и избыточный вес // Информационный бюллетень. – 2015. - №31. – С. 88-94.
- 3 Шарманов Т.Ш., Тәжібаев Ш.С., Балғымбеков Ш.А. Артық дене салмағы мен семіздіктің алдын алу бойынша жетекші құрал. – Алматы: 2012. – 63 б.
- 4 Романцова Т.И. Эпидемия ожирения: очевидные и вероятные причины // Ожирение и метаболизм. -2011. - №1. - С. 5-13.
- 5 James Toouli, Michael Fried, Amir Ghafoor Khan, James Garisch, Richard Hunt, Suleiman Fedail, Davor Štimac, Ton Lemair, Justus Krabshuis. Obesity // WGO Global Guideline. -World Gastroenterology Organization. - 2009. – №2. - P. 5-11.
- 6 Мельниченко Г.А. Ожирение в практике эндокринолога // ПМЖ. -2001.- №2(9).- С. 82-87.

- 7 Сердечно-сосудистые заболевания // Информационный бюллетень. – 2015, январь №317: <http://www.who.int/mediacentre/factsheets/fs317/ru/>.
- 8 Аллиярова С.Т., Нуржанова К.С. Карагизова А. Семіздік – жүрек қантамыр ауруларының қауіп факторы ретінде // Вестник КазНМУ. -2016.- №1. - С. 406-409.
- 9 Шарманов Т.Ш. Питание важнейший фактор здоровья человека. – Алматы: Асем систем, 2010.- 63 с.
- 10 Зайцев В.М., Аликбева Л.А. Медицинская статистика в амбулаторно – поликлинических учреждениях промышленных предприятий. - Спб.: SPb GMA, 2009. – 416 с.
- 11 Hubert H.B., Feinleib M., McNamara P.T., Castell W.P. Obesity as an independent risk factor for cardiovascular disease: a 26-year follow-up of participants of the Framingham Heart Study // Circulation. – 1983. - №67. - P. 968-977.

С.Т. Аллиярова, А.Б. Чуенбекова, Г.Х. Хасенова

*Казахский Национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова,
кафедра нутрициологии*

РАСПРОСТРАНЕННОСТЬ СЕРДЕЧНО – СОСУДИСТЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ (ССЗ) У ЛЮДЕЙ С ИЗБЫТОЧНОЙ МАССЫ ТЕЛА (ИМТ \geq 25 КГ/М²) НА ПРИМЕРЕ ЮЖНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА

Резюме: Изучить распространенность ССЗ среди людей с избыточной массы тела среди взрослого населения южного региона Казахстана

Методы: Данное исследование является поперечным одномоментным исследованием. Для проверки нулевой гипотезы и статистическую значимость полученных данных был использован χ^2 Пирсона.

Результаты: Распространенность ССЗ среди населения с ИМТ выше 25 кг/м² составила среди женщин 25%, а среди мужчин 20%.

Выводы: На основании полученных данных можно утверждать об актуальности борьбы с проблемами избыточной массы тела

Ключевые слова: ССЗ, избыточный вес, ИМТ

S.T. Alliyarova, A.B. Chuenbekova, G.H. Khassenova

*Asfendiyarov Kazakh National medical university,
Department of nutriology*

THE PREVALENCE OF CARDIOVASCULAR DISEASES (CVD) AMONG PEOPLE WITH OVERWEIGHT (BMI \geq 25 KG / M²) BY THE EXAMPLE OF THE SOUTHERN REGION OF KAZAKHSTAN

Resume: To study the prevalence of CVD depending on the body mass index among the adult population of the southern region of Kazakhstan

Methods: This study is a cross-sectional study. Pearson's χ^2 test was used to test the null hypothesis and the statistical significance of the data.

Results: The prevalence of CVD among the population with a BMI above 25 kg / m² prevalence of CVD among women was 25% and among men 20%.

Conclusions: Based on these data it can be argued the relevance of struggle with the problems of overweight

Keywords: cardiovascular disease, obesity, BMI